

**"Қармақшы ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесін бекіту туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 8 қарашадағы №47 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 111 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 желтоқсанда № 25795 болып тіркелді

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Қармақшы ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесін бекіту туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 8 қарашадағы № 47 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №5670 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Қармақшы ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесінің 11-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"11. "Қармақшы ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі құжаттамалық және өзге де қамтамасыз ету шараларын, сондай-ақ Құрмет грамотасымен наградталған азаматтардың есебін жүргізеді."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қармақшы аудандық мәслихатының хатшысы*

*Ә. Қошалақов*